

"Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 472 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 42 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қарашада № 17745 болып тіркелді

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12701 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 24 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын жергілікті атқарушы органдардың/олар уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың, субъектілердің қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшасына сәйкес стационар, жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшасына сәйкес үйде қызмет көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру параграфы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшасына сәйкес уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру параграфы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшасына сәйкес әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін меншік нысанына қарамастан субъектілерге (ұйымдарға) қатысты мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру параграфы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшасына сәйкес мүгедектердің жеке оңалту бағдарламасына сәйкес оңалту шараларын орындауды жүзеге асыратын субъектілерге (ұйымдарға) қатысты мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру параграфы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 8 және 9-қосымшалар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы жөніндегі мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыпована жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Енбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Күкүйктық статистика
және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті
2018 жылғы _____

M. Әбілқасымова

T. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Енбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 472 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 42 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1021 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 807 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерін іріктеу үшін 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кесіпкерлік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс), "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру

парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бүйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес өзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылық - өрсекел және елеулі бұзушылықтарға жатпайтын, нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

2) елеулі бұзушылық - мүгедектерді әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу:

қызмет алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығару мерзімдерін бұзу және жергілікті атқарушы органдардың/олар уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілердің қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға бағалау жүргізу және қажеттілікті айқындау мерзімдерін бұзу;

қызмет алушыға ұйымның мамандарының қадағалауынан кейін жеке жұмыс жоспарын мерзімдерін бұзуы, жеке жұмыс жоспардың және электрондық картотека журналының болмауы және толық толтырылмауы, стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің дәлелді тоқтата тұрылуын және (немесе) тоқтатылуын растайтын құжаттардың болмауы бойынша бұзушылық;

стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектерілердің (ұйымдардың) әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтер талаптарының бөлігін ұсынудағы бұзушылықтар;

мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларын орындауды жүзеге асыратын субъектілер (ұйымдар) үшін мүгедектерді санаторий-курорттық емделүмен, жүріп тұруы қын бірінші топ мүгедектеріне жеке көмекші қызметін, есту қабілеті нашар мүгедектерге ымдау тілінің маманын, оларды міндетті гигиеналық құралдармен стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтермен, қамтамасыз етпей бойынша бұзушылықтар;

мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы обьектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін субъектілердің (ұйымдардың) мүгедектерге қызмет

көрсету аймақтарына, объектідегі ақпарат және телекоммуникация құралдарына, қоғамдық көлік түрлеріне, мәдени-ойын-сауық іс-шараларына, сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін спорт ғимараттарына қолжетімділігін, арнаулы спорт инвентарін ұсынуды қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар;

3) өрескел бұзушылық - мүгедектерді әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы:

стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-медициналық қызметтер талаптарының бөлігін ұсынудағы бұзушылықтар;

мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін субъектілердің (ұйымдардың) мүгедектердің кіріс топтарына, санитариялық-тұрмыстық орынжайларға, объектінің аумағына, қозғалыс жолына қолжетімділігін қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар;

мүгедектерді оңалтуудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларын орындауды жүзеге асыратын субъектілер (ұйымдар) үшін мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы жүріп-тұру құралдарымен (кресло-арбалармен) қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар;

4) тәуекел - бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарларының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және занды тұлғалардың занды мұдделеріне, мемлекеттің мүліктік мұдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекелдерді бағалау жүйесі - бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргіzetін іс-шаралар кешені;

8) тексеру парагы - бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын шарттарды қамтитын талаптар тізбесі, оларды сақтамау адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне қауіп төндіреді.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тaraу. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне:

1) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету аясында - стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында - мүгедектерді оңалту іс-шараларын орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің объektілеріне, көлік инфрақұрылымы объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін субъектілер жатады.

5. Мүгедектерге әлеуметтік қорғау саласында сауда, тұрмыстық, өндірістік, тұрғын үй, шаруашылық, коммуналдық, азық-түлік объектілеріне, дене шынықтыру және спорт, білім беру, қоғамдық тамақтану, демалыс (ойын-сауық және мәдениет инфрақұрылымы) объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын субъектілер объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3-тaraу. Субъективті өлшемшарттар

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерін (объектілерін) бөлу және іріктеу субъективті өлшемшарттар бойынша жүргізіледі.

8. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын айқындау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъекті ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер мен салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың, бүкараптық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

9. Қолда бар ақпарат көздері негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы.

Бұзушылықтардың дәрежелері және ақпарат көздері бойынша бөлінген субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттардың қосымшасымен көрсетілген.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер заңнама талаптарының өрескел бұзылғаны анықталмаса, онда бақылау субъектісі тәуекел дәрежесі көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7$$

Мұндағы:

SP_3 - елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 - бақылау субъектісіне (объектісіне) қойылған елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 - бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$$

Мұндағы:

SP_H - болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 - бақылау субъектісіне (объектісіне) қойылған болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 - бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден бастап 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

Мұндағы:

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 - елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H - болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

10. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) 61-ден бастап 100-ді қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) 0-ден бастап 60-ты қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмайды және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

11. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу еселігібір жылда бір реттен артық болмайды.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабаның 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету саласындағы және
мүгедектерді әлеуметтік қорғау
аясындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы субъективті өлшемшарттар

P/ с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде тізбеленген талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)		
1	Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға бағалау жүргізу және қажеттілікті айқындау мерзімдерінің сақталуы	елеулі
2	Қызметті алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығару мерзімдерінің сақталуы	елеулі
3	Қызмет алушыға ұйымның мамандарының қадағалауынан кейін жеке жұмыс жоспарын әзірлеу мерзімінің сақталуы	елеулі
4.	Жеке жұмыс жоспарының және электрондық картотека журналының болуы және толық толтырылуы	елеулі
5.	Қызмет алушылардың нақты құрамының Е-собес автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес келуі	болмашы
6	Қызмет алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің дәлелді тоқтатыла түруын және (немесе) тоқтатылуын растайтын құжаттардың болуы	елеулі

	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтануды қоса алғанда, тамақ ұсыну; жеке қызмет көрсетүшінің әлеуметтік-тұрмыстық және гигиеналық сипаттағы қызметті көрсету і; жұмсақ инвентарь беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
7	Стационар және жартылай стационар жағдайларында тұрғын алаң, бейімделген орынжайлар мен құрылғылар, сондай-ақ оңалту, емдік, білім беру, мәдени іс-шараларды, діни рәсімдерді өткізу үшін жиһаз берін арнайы құралдармен жабдықталған орынжайлар беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
8	Стационар және жартылай стационар жағдайларында тұрғын алаң, бейімделген орынжайлар мен құрылғылар, сондай-ақ оңалту, емдік, білім беру, мәдени іс-шараларды, діни рәсімдерді өткізу үшін жиһаз берін арнайы құралдармен жабдықталған орынжайлар беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
9	Стационар және жартылай стационар жағдайларында көлік қызметтерін ұсыну бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	елеулі
10	Стационар және жартылай стационар жағдайларында тұрмыстық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету (кір жуу, кептіру, үткітеу, киімдерді, ішкі киімдерді, тәсек орын жабдықтарын дезинфекциялау) бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	елеулі
11	Стационар және жартылай стационар жағдайларында мамандандырылған кабинеттер паспорттарының болуы бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	болмашы
12	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: медициналық-әлеуметтік тексеруді, медициналық процедураударды, оңалту мен емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу; дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуда көмек көрсету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
13	Стационар және жартылай стационар жағдайларында мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу, протездік-ортопедиялық және есту-протездік көмекпен, санаторий-курорттық емделумен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, міндettі гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу және техникалық (орнын толтырушы) және міндettі гигиеналық құралдарды пайдалануға үйрету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
14	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: әлеуметтік-медициналық мәселелер жөнінде консультация беру; паллиативтік, психиатриалық және психотерапиялық көмек көрсету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
15	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультация беруді, түзетуді жүзеге асыру; психологиялық көмек қызметтерін көрсету, психологиялық тренингтер, өзара қолдау топтарында, қарым-қатынас клубтарында сабактар өткізу бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтерді ұсыну	елеулі
16	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: әлеуметтік-педагогикалық консультация беру, педагогикалық диагностика жүргізу; жалпы білім беру мектептерінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың білім алушына жәрдемесү; тұрмыстық бағдарлану, өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыста және көғамдық орындарда өзін-өзі ұстаса дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау, қарым-қатынас жасау және өзге де тыныс-тіршілік дағдыларын үйретуді жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді ұсыну	елеулі
17	Стационар және жартылай стационар жағдайларында мамандандырылған кабинеттерде емдік-еңбек қызметтің жүргізу бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерін ұсыну	елеулі
18	Стационар және жартылай стационар жағдайларында қызмет алушылардың жогалтқан тұрмыстық дағдыларын қалыптастыру және қолжетімді кәсіптік дағдыларға үйрету, мүгедектерді кәсіптік оңалту және бағдарлау, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды	болмашы

	кәсіптік бағдарлау іс-шараларын жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету	
19	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: мерекелер мен демалыс іс-шараларын ұйымдастыру және осы іс-шараларға қызмет алуды ради тарту ; клубтық және үйірмелік жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу шарттарын сақтау бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	елеулі
20	Стационар және жартылай стационар жағдайларында тиісті жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-экономикалық қызметтерді ұсыну	елеулі
21	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: заң тұрғысынан консультация беру және заң көмегін көрсету; құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін сотта өкілдікті қамтамасыз етуді сақтау; жәрдемақыларды, басқа да әлеуметтік төлемдерді сенімхат бойынша алушы жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-құқықтық қызметтерді ұсыну	елеулі
22	Үйде қызмет көрсету жағдайларында жеке қызмет көрсетушінің әлеуметтік-тұрмыстық және гигиеналық сипаттағы қызметтерді, тұрмыстық қызметтерді көрсету бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
23	Үйде қызмет көрсету жағдайларында қарттар мен мүгедектерді үйден тыс жерде бір елді мекен шегінде ілесіп журу, ыстық тамақ, азық-тұлік және күнделікті қажетті азық-тұліктік емес тауарларды сатып алу және үйге жеткізіп беру, ас әзірлеуге көмектесу, пеш жағуға, отын, көмір және су тасуға жәрдемдесу, киімдерді жууга, химиялық тазалауга, жөндеуге тапсыру және оларды алыш келу, кір жууга көмектесу, тұрғын жайларды жөндеуге және жинауға жәрдемдесу, тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді төлеуге жәрдемдесу, жерлеу қызметін ұйымдастыруға көмектесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
24	Үйде қызмет көрсету жағдайларында қызмет алушылардың отбасы мүшелерін жеке қызмет көрсету және санитариялық-гигиеналық сипаттағы практикалық дағыларға үйретуді жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	болмашы
25	Үйде қызмет көрсету жағдайларында мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, протездік-ортопедиялық және есту-протездік көмек алуға жәрдемдесу, санаторий-курорттық емделу, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, міндettі гигиеналық құралдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу бойынша; медициналық консультациялар, медициналық процедуралар, оңалту іс-шараларын жүргізу, санитариялық-гигиеналық қызметтерді жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
26	Үйде қызмет көрсету жағдайларында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды патронаждық бақылауды, үйге дәрігер шақыртуды жүзеге асыру және қызметті алушыларға денсаулық сақтау ұйымдарына ілесіп жүру бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	болмашы
27	Үйде қызмет көрсету жағдайларында әлеуметтік-психологиялық патронаж жүргізу; әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтерді ұсыну	елеулі
28	Үйде қызмет көрсету жағдайларында: әлеуметтік-педагогикалық консультациялар, отбасы мүшелеріне консультациялар жүргізу ; тұрмыстық бағдар негіздеріне үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстau, өзін-өзі бақылау дағыларын қалыптастыру негіздеріне, қарым-қатынас дағыларына және басқа да тыныс-тіршілік тұрлеріне үйретуді жүзеге асыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді ұсыну	елеулі

29	Үйде қызмет көрсете жағдайларында балалардың білім алуына, кәсіптік білім алуына жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді ұсыну	болмашы
30	Үйде қызмет көрсете жағдайларында кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жүргізу бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерін ұсыну	елеулі
31	Үйде қызмет көрсете жағдайларында: қызмет алушылар мен олардың отбасы мүшелеріне үй жағдайындағы жұмысты ұйымдастырудан консультациялар беру; мамандық алуға жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерін ұсыну	болмашы
32	Үйде қызмет көрсете жағдайларында: мерекелер мен демалыс іс-шараларын ұйымдастыру, клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	елеулі
33	Үйде қызмет көрсете жағдайларында қызметті алушыларды демалыс іс-шараларына тарту бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	болмашы
34	Үйде қызмет көрсете жағдайларында: тиісті женілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдемдесу; қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ бала тәрбиелеп отырған және он сегіз жастан асқан адамдарды күтіп-бағатын отбасыларға өзін-өзі қамтамасыз ету және отбасының материалдық жағдайын жақсарту мәселелері бойынша консультациялар жүргізу бойынша әлеуметтік-экономикалық қызметтерді ұсыну	елеулі
35	Үйде қызмет көрсете жағдайларында: занды тұрғыдан консультациялар беру және заң көмегін көрсету; қамқорлық немесе қорғанышлық функцияларын жүзеге асыратын органдарға балаларды асырап алуға, қамкорлықта, патронатқа, қорғанышлыққа алуға жәрдемдесу; қемелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға бала тәрбиесінен жалтаратын ата-ана ларға ұсынымдар ресімдеу;	елеулі
36	Үйде қызмет көрсете жағдайларында адвокаттың заң көмегін тегін алуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік-құқықтық қызметтерді ұсыну	болмашы
37	Уақытша болу жағдайларында: койко-орын, жиһаз беру, төсек-орын жабдықтарымен, жеке гигиена заттарымен және ішкі киіммен қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
38	Уақытша болу жағдайларында: жеке қызмет көрсетушінің және гигиеналық сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсетуді, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді, жұмсақ инвентарь беруді сактау; заттай тамақтану нормаларына сәйкес тамак ұсыну бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
39	Уақытша болу жағдайларында қызмет алушылардың емделуі, білім алуы үшін тасымалдау көлік қызметтерін ұсыну бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	елеулі
40	Уақытша болу жағдайларында бұрынғы тұрғылықты жеріне жіберуге жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	болмашы
41	Уақытша болу жағдайларында: алғашқы медициналық тексеруді және санитариялық тазалау жүргізуді жүзеге асыру, дәрігерге дейінгі көмек көрсете; ауруханаға жатқызуға ықпал жасауға, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға, дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел

42	Уақытша профильді мамандардың медициналық консультациялар беруі; медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу үшін құжаттарды дайындауға жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : консультацияларды, түзетуді жүзеге асыру, психологиялық көмек көрсету, психологиялық тренингтер өткізу бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтерді ұсыну	ж ағ д а й л а р ы н д а : консультацияларды беруі; әлеулі
43	Уақытша болу жағдайларында психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультацияларды, түзетуді жүзеге асыру, психологиялық көмек көрсету, психологиялық тренингтер өткізу бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : консультацияларды беруі; әлеулі	әлеулі
44	Уақытша болу жағдайларында кәсіптік бағдарлау, еңбек дағдыларын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды және қолжетімді кәсіптік дағдыларға үйрету жөніндегі іс-шараларды өткізуге жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : консультацияларды беруі; әлеулі	әлеулі
45	Уақытша болу жағдайларында бар еңбек дағдыларын тексеру жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша әлеуметтік-еңбек қызметтерін ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : консультацияларды беруі; әлеулі	болмашы
46	Уақытша мерекелер мен демалыс іс-шараларын ұйымдастыру; клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну
47	Уақытша болу жағдайларында қызмет алушыларды демалыс іс-шараларына тарту бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	болмашы
48	Уақытша болу жағдайларында тиісті женілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-экономикалық қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
49	Уақытша болу жағдайларында тұрғыда консультациялар беру және заң көмегін көрсету, егде жастағы азаматтар мен мүгедектерді халықты әлеуметтік қоргаудың стационарлық мекемелеріне орналастыру үшін қажетті құжаттарды ресімдеуде жәрдемдесу бойынша әлеуметтік-экономикалық қызметтерді ұсыну	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
50	Мүгедектердің кіріс топтарына (сыртқы баспалдақ, пандус, кіру аланы, кіру және ішкі есіктері, есік табалдырығы, баспалдақтар) қолжетімділігін қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
51	Мүгедектердің қызмет көрсету аймақтарына (гардероб, тіркеу орны, анықтама бұрышы, касса және басқа да қызмет көрсету орындары) қолжетімділігін қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
52	Мүгедектердің санитариялық-тұрмыстық орынжайларға (универсалды кабинасы бар дәретхана, колжуғыш, ванна бөлмесі, душ бөлмесі, унитаз, раковина, жедел жәрдем түймешегі, есік тұтқалары) қолжетімділігін қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
53	Мүгедектердің объектіде бұқаралық ақпарат құралдары және телекоммуникациянысандарына қолжетімділігін қамтамасыз ету (ақпараттың тактильдік құралдары, белгілер мен символдар, дабыл сигналдары, лифтілердегі хабарлағыштар)	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
54	Мүгедектердің объектіде аумағына қолжетімділігін қамтамасыз ету (жерасты көлік қоятын орын, такси және автобус аялдамалары, әкімшілік ғимарат, вокзал, сауда орталықтары)	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
55	Мүгедектердің жол қозғалысында қолжетімділігін қамтамасыз ету (жолдар, тротуарлар, сыртқы баспалдақ, тиісті стандарттан жоғары табалдырық, ішкі пандустар)	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
56	Мүгедектердің коғамдық көлік түрлеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
57	Мүгедектердің мәдени-ойын-сауық іс-шараларына, сондай-ақ спортпен шүғылдану үшін спорт ғимараттарына қолжетімділігін қамтамасыз ету, арнайы спорт құралдарын беру	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
58	Мүгедектердің протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
59	Мүгедектердің сурдотехникалық құралдармен қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
60	Мүгедектердің тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
61	Мүгедектердің арнайы жүріп-тұру құралдарымен (кресло-арбамен) қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	өрескел
62	Мүгедектердің санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету	б о л у ж ағ д а й л а р ы н д а : клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну	әлеулі
